



№85
(2256)
Сенбі
12 қазан
2024 жыл



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ТІҒРАТ ҚАЗАЛЫ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АРАЛ ТЕҢІЗІНІҢ ҚҰРҒАҒАН ҰЛТАНЫНА СЕКСЕУІЛ ЕГУ ЖАЛҒАСУДА

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен жылу беру маусымының басталуы, мемлекеттік орман қорын ұлғайту жөніндегі шаралар, Үкімет қаулыларының жобалары талқыланған Үкімет отырысы өтті. Жиынға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысып, Арал теңізінің құрғаған ұлтанына сексеуіл егудегі кешенді жұмыстарға тоқталды.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының Арал теңізінің құрғаған ұлтанындағы 1 млн. 100 мың гектар жерге бес жыл ішінде сексеуіл егу тапсырмасы жоспарға сәйкес орындалуда. 2021-2023 жылдары 544 мың 200 гектар жерге, осы жылы көктемде 65 мың гектарға сексеуіл көшеттері отырғызылды. Қараша айын-

да 211 мың гектар аумаққа егілмек. Келесі жылы қалған 280 мың гектарға сексеуіл көшеттері мен тұқымын егу жоспарланған. Оның 100 мың гектары облыстың үлесі болса, қалған 180 мың гектары Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетіне тиесілі.

Облысқа жүктелген 15 млн. көшетті дайындау үшін орман шаруашылығы мекемелерінде 8 уақытша тұқымбақ ұйымдастырылды. Одан бөлек, Дүниежүзілік банктің қаржыландыруымен 441 млн. теңгеге аумағы 33,5 гектар тұқымбақ салынып, пайдалануға берілді.

Арал теңізінің құрғаған ұлтанындағы ормандандыру жұмыстарына Еуропа елдерінен грант тарту үшін Сыртқы істер министрлігінің келісімімен

Еуроодаққа мүше мемлекеттер елшілерін өңірге арнайы шақырдық. Мамыр айында Сыртқы істер министрінің орынбасары Роман Юрьевич Василенко бастаған 20 елші келді. Арал өңіріндегі жұмыстармен танысып, қолдау көрсету жөнінде алдын-ала келісім жасалды. Нәтижесінде, Арал өңірінің экожүйесін жақсарту бағытында нидерландық «DGB Group» және қытайлық «BGI Group» компанияларымен бірлескен жұмыстар жүргізілуде. Арал теңізінің құрғаған ұлтанына сексеуіл егу жоспарға сай атқарылып, белгіленген мерзімде аяқталатын болады. Жұмыстар тұрақты бақылауымда» – деді Н.Нәлібаев.

Орман шаруашылығы мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайту

үшін соңғы 3 жылда облыстық бюджеттен 1 млрд. 800 млн. теңге қаржы бөлініп, 96 арнайы техника, 49 қажетті құрал-жабдық сатып алынды.

Арал өңіріндегі ормандандыру жұмыстарына отандық компаниялармен қатар, шетелдік ұйымдар да кеңінен тартылуда. Мәселен, америкалық «USAID» Халықаралық даму агенттігі «Аралды құтқару қоры» арқылы құрғаған ұлтандағы сексеуіл екпелерін суаруға алғаш рет ұңғымалар қазып, 500 гектар аумаққа «Оазис» демонстрациялық алаңын құрды. Осындай жобаны жүзеге асыруда отандық «Freedom Finance» холдингі басшылығымен де келісімге қол жеткізілді.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі

ҚАЗАЛЫЛЫҚ ЕЛУ АРДАГЕР ТУРИСТІК САЯХАТҚА АТТАНДЫ



«Қариясы бар үйдің – қазынасы бар» дегендей, қарттарын ардақтай білген елдің ғана рухы үстем болмақ.

Қазалы ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен халық батыры әрі әулие бабамыз Жанқожа Нұрмұхаммедұлының 250 жылдығы аясында ауданның әлеуметтік-экономикалық, рухани-

мәдени дамуына еңбек сіңірген аға буын өкілдері – ардагерлер қауымы түркі халықтарының рухани астанасы – Түркістан қаласына туристік саяхатқа аттанды.

Саяхаттаушылар қатарында кент, қала және барлық ауылдық округтердегі еңбек ардагерлері, көпбалалы зейнеткер аналар, білім, мәдениет салаларының

ардагерлері, үкіметтік емес ұйым өкілдері бар.

Аудандық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Жәнібек Алиев пен аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразғали Бекпанов ардагерлерді шығарып салу рәсіміне қатысып, оларға сәт сапар, жақсы демалыс тіледі.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

ЖАНҚОЖА БАТЫР АТЫНДАҒЫ МЕКТЕПТЕ БАБА ТАҒЫЛЫМЫ ЖАЙЛЫ САЙЫС ӨТКІЗІЛДІ

Ұлт азаттық қозғалысының басшысы Жанқожа Нұрмұхаммедұлының туғанына 250 жыл толуына орай Жанқожа батыр атындағы №70 орта мектептің акт залында ауданның ардагер ұстаздарының ұйымдастыруымен "Ерлігі есте, төрелігінен тағылым" атты сайыс өткізілді.

Шараға жиналғандарды оқушылар сәлемдесіп, арнау өлеңмен қарсы алып, Жанқожа бабаға арналған залдағы жәдігерлерді таныстырып, баба рухына құран бағыштады.

Іс-шарада аудан әкімінің орынбасары Б. Жолтаев батыр баба жайлы сөз сөйледі.

Ардагер ұстаз Ысқақ Айжаханнның жүргізуімен өткен сайысқа 11 ардагер қатысып, батырдың ерлігі мен көрегендігі, әулиелігі мен әділдігі, туралығы мен мәрттігі жайлы тағылымды әңгімелер айтып, батыр жайлы өлең, жырлардан, терме, дастандардан үзінділер оқыды.

Қортынды сөз алған ардагерлер бірлестігінің төрағасы С.Қуанышбай шараның мәні мен маңызына тоқталып, қатысушыларды Алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтармен марапаттады.

Қазалы ауданының қоғамдық даму бөлімі

СҰЛУ САЗДЫ ӘНДЕРІН КӨРЕРМЕНДЕР СҮЙСІНЕ ТЫҢДАҒАН САЗГЕР

Белгілі ардагер – ұстаз, айтулы сазгер Нұрмаш Алғашбаевтың жер жаннаты Жетісуға қоныс аударғанынан хабарым бар-ды. Өнеугүні сыйлас ағамен көшеде кездесіп қалып, аз-кем әңгімелестік. Кенже баласының шақыруымен Алматыға қоныс аударғаны рас екен. Бірақ өзінің туған жерден жырақтағысы жоқ. Нақтырақ айтсақ туған жерін қимайды. Осындағы ардагерлерден құралған «Атамұра» өнер ұжымында қызмет атқарады. Туған жеріне жұмыс жәйімен келген ғой. Әрі осында қызы да, ұлы да қызметте.

Жалпы Нұрмаш ағам табиғатынан қарапайым жан. Сәл ғана жетістікке мақтанып кеуде соғуды білмейтін, даңғойлықтан ада арда азамат. Кішіпейіл, қарапайымдылығынан болар көпшілік арасында ерекшеленбейді. Әйтседе оның талант қарымын зерделі жандар ғана ертерек аңғарып, оған құрметпен қарайды. Қарапайымдылығынан әр кез кісілігі аңғарылып тұратын тума талант иесі 200-ге жуық әндердің авторы, ардагер-ұстаз, қадірлі азамат.

Несін жасырайық. Нұрмаш санқырлы дарыниесі. Орта бойлы, жұқалтан кісінің өн бойында сан түрлі өнердің тоғысқаны қайран қалдырады. Ол сазгер, әнші, ақын әрі күй шығарады. Осындай өнер иесінің кішіпейілдігіне, ізеттілігіне, адам жатырқамайтын көпшіл мінезіне қалай риза болмассың.

Сиқырлы өнер Нұрмаштың бойына бала кезден қонақтап, оның қатпарлы сырын жастайынан ұғынды. Оның үстіне бойындағы бұлақ көзінің ашылуына өнерлі ұстаздардың тап келмесі бар ма? Әр жылдары Қазалының айтулы өнер иелері: Махамбет Әуезов, Қобылаш Жаймұратов, Әбен Жолтаев, және Жеңіс Өтемісов, Балтабай Нұржановтардан дәріс алды. Ұстаздары да ел-гезек, зерек шәкіртінен үміт күтті. Ән шырқап, күй тартып, саз өнерінің сырын білуге құштарлығы, үйірімділігі, елгезектігі өнерлі өркеннің болашақ өресін аңдататын.

Ұстаздар үміті расқа айналып, Алматы қаласындағы зоотехникалық-малдәрігерлік институтының студенті алғашқы туындысы «О Зәуреш» әнімен думаншыл жастарды жанына үйіріп, өнер шамының отын үрлей түсті. Сазды әуен сергек көңіл студент жастардың сүйсіне шырқайтын әніне айналды. Ал, Нұрмаштың құрбылары арасында мерейі асқақтап, оған өзгеше қарым-қатынас орнықты. Ұстаздары да тегін бала еместігіне көз жеткізді.

Мамандығына орай ауыл шаруашылығы саласында еңбек жолын бастаған жас жігіттің бүйрегі үнемі өнер саласына қарай бұрып тұрды да ақыры берік шешіммен таңдау жасады. Алдымен мәдениет

саласында, жоғары музыкалық білім алған соң мектептерге ауысып шәкірттерін өнерге баулыды. Осы жылдары шабыттан туған «Шақырамын биге», «Қайдасың махаббат», «Қарсы алмадың», «Қолаң шашым», «Сен шығарсың, Жұлдызым» және басқа әндері бірінен соң бірі тыңдармандарға жол тартты. Бірнеше әні қазақ телевизиясының алтын қорына қабылданды. «Шәмші аға», «Жеңеше-ай» әндері көршілес өзбек елінің республикалық теледидарының «Замандас» бағдарламасында бірнеше рет шырқалды. Бірнеше әнін республикаға есімі танымал әншілер репертуарына енгізді. «Ата мұра» баспасынан шыққан 1-3 сыныптардың әуез пәні оқулығында Нұрекеңнің «Аралым аяулым», «Анашым», «Көгершіндер», «Әкем айтқан ертегі», «Суық торғай-сұр торғай» әндері жарияланды.

Алматыдағы «Өнер» баспасынан 1992 жылы шыққан «Жастық шақ әуендері» атты жинақта сазгердің «Аралым Аяулым», «Әләулім», «Бейбітшілік жыры», «Тыныштық керек әлемге» атты әндері нотасымен бірге басылды. Қызылорда қаласындағы баспадан шыққан «Сыр әуендері», «Сырдың сырлы саздары» атты жинаққа «Егемен ел - Қазақстан», «Боздақтарым» атты әндері енді.

Мына бір жайға мән берген жөн шығар. Сазгердің өзгелерден ерекшелігі, өзінің сөздерін кейде өзі жазады. Оған мысал «Қазалым менің» атты өзінің сөзі мен әуенінің үйлесім тапқанын тілеуестері үнемі айтып жүр.

Енді соған назар аударалық. Өзінде туып ер жеттім, Бесігім болып тербеттім. Сағынышымды туған жер, Өзіңе ғана бермекпін. Сағынышымдай тез жетсін, Қазалы саған наз өнім. Бесігім болып тербетші, Қасиетті менің Қазалым, -деп әуен сырына үндесе тебіренеді сазгер, ақын.

Сондай-ақ Нұрмаштың туған жерге сағыныштан туған «Сырдерия – ерке өзенім», «Туған жерім – Сыр елім» және басқа әуендерін жерлес әншілеріміз репертуарына енгізіп шырқап жүр. Бұл ретте сазгердің әндеріндегі әуезділік, жанды баурап алар ырғақпен үйлесімділікті, ашық үнділік пен дыбыс тазалығы, лирикалық саздылықты ерекше атап айтқанымыз жөн. Мәселен, сазгер «Аралым аяулым», «Байқоңырдың ғарышын», «Туған жердің құстары», «Дөңгеле жер», тағы басқа әндерінде табиғат сырларын сазды әуенмен өрлеп өрнектейді. Сонымен қатар талант иесінің «Перизат», «Жеңеше-ай», «Армысыңдар ағаларым» атты әндерін көрермендер сүйсініп тыңдайтынына куәміз.

Реті келгенде айта кетейік Нұрмаш Алғашбаевтың қорға арнап жазылған «Егеменді ел - Қазақстан» әнінің (сөзі өзінікі)

алғашқы орындаушысы өзі тәрбиелеген шәкірттері.

Сен дегенде Қазақстан, Жүректен от лаулап ұшқан. Гүлдей жайнап көркейе бер,

Егемен ел-Қазақстан, -деп шырқалатын өзінің қайырмасы марш екпінімен орындалады.

Сазгердің «Мәңгілік отбасындағы ой», «Жеңіс күні» әндерінің музыка мамандары тарапынан лайықты бағалануы шығармашық иесінің көп жылғы жемісті еңбегі.

Сан қырлы таланттың халықтың асыл мұрасын, дәстүрлерді арқау еткен «Наурыз тойы», «Бесік жыры», «Тәй-тәй балам», «Тұсау кесер» әндері мерекелік шараларда жиі шырқалса, «Досыма», «Алғашқы сезім», «Махаббат қызық мол жылдар», «Қолаң шашым», «Өкпелеме жаным», «Шағалы қыз» атты лирикалық әндері әсіресе жастардың жүрек сырының кілтін ашқан дүниелер.

Тыңдарман қауым тез қабылдап, жүректі тербетіп, сезімді сергіткен, жүректегі қанды тулатқан, тойларда, әсіресе қыз ұзату тойларында жиі айтылатын Нұрмаштың «Қызыма» әнін халық сүйсіне тыңдап, әншілер шабытпен жиі орындап жүр. Осы:

Бой тұмардай гүлім ең қызым, Бойжеткенің бе, шынымен қызым.

Әкеңдей қамқор бола ма деумен,

Тапсырдым сені құдама қызым, -деп шырқалатын көпке ұнаған сазды әннің авторы жерлесіміз Нұрмаш Алғашбаев екенін кейбіреулердің білмейтінінде кездестірдік.

Нұрмаш ағамыздың арнау әндері де бір шоғыр. Олар «Ләззат қыз», «Бойжеткен», «Жан серігім домбыра», «Ән қанатым-ау», «Жан әке», «Асыл жеңге», «Асыл жарым», «Сағындым өздеріңді, ағаларым», «Ақынысың ақиық Аралымның», «Ғани аға», тағы басқа әндері.

Жоғарыда атап өткеніміздей Нұрмаш Алғашбаев сазгер, ақындығымен қоса әнші. Бұдан біраз жылдар бұрын мерекелік шараларда ағамыздың сахнада белгілі сазгерлердің әндерін әуелете шырқағанының талай рет куәсі болдық. Музыкалық аспаптардың көпшілігін шебер меңгерген. Өзі шығарған «Қорқыт сазы», «Дәурен-ай», «Ақтан батыр», «Сағындым сені, туған жер», «Керуен» атты күйлері де шабыттан туған дүниелер.

Көпшілік Нұрмаш Алғашбаевты «Қазалының Шәмшісі» деп құрметтейді. Жарты ғасыр өнер жолында жемісті еңбек етіп, туған халқына 200-ге жуық ән сыйлаған сазгерді қалай мадақтаса да жарасады. Әндерінің барлығы да жауһарлар деуден аулақпыз. Деседе осал сазгер еместігі әмбеге аян. Дәлел керек пе? Айтайық. Нұрмаш ағамыз сазгерлердің облыстық

байқауында бірнеше мәрте жүлдені иеленді. Қызылорда облысының 70 жылдығы мен Қызылорда қаласының 190 жылдығы мерекесіне орай өткізілген облыстық сазгерлер байқауында «Сыр елім менің» атты туындысы жүлде иеленіп, сазгердің мәртебесін биіктетті. Арал ауданының 80 жылдығына арнап өткізілген байқауда әні үшінші орынға лайық деп бағаланды. Мансапқа құмарлығы жоқ, қарапайым мінезді сазгер байқау, бәсеке, жарыс дегенге онша ығылана бермейді. Өзі үшін, халқы үшін шығарған дүниесін саудаға салуға бейіл емес. Оның үстіне еңбегі мадақталып жатса да, асып таспайды. Сәл мақтан үшін өзгелерден ерекшеленбейді, не деген мықтылық. Табиғатынан бойына біткен қарапайым мінезі ешқашан өзгермейді. Жан тазалығына кір жуытпай ғұмыр кешуде.

Зейнеткерлікке шыққанша мектептерде ұстаздық қызмет атқарды. Талантты балаларды өнерге тәрбиелеп, тұсауын кесті, өнер көгіне қанат қақтырды.

Сазгердің зайыбы Жаңыл да өнерлі жан. Кезінде әншілердің облыстық байқауының жүлдегері болған. Мектепте шәкірт тәрбиеледі. Балалары: Ақсамал, Ғани, Ғалымжан, Біржан ата-анасының үлгісімен өнерге жақын, барлық музыка аспаптарын еркін меңгерген.

Мақаламыздың соңында сазгер ағамыздың актерлігі жөнінде бірер сөз айта кетейін. 1976 жылы Ақмола (қазіргі Астана) қаласында өткен Бүкілодақтық халық театрларының байқауында Қазалы халық театры қойған «Қан мен Тер» спектаклінде урядник офицердің ролін сомдап, өнер ұжымы мүшелерімен бірге Бүкілодақтық фестивальдің лауреаты атанды.

Сан қырлы талант иесі, Қазалының құрметті азаматы Нұрмаш Алғашбаев жетпіс жастың желкесіне мініп, сексенге иек артқан шақта да өнерден қол үзген жоқ. Өзінің өнердегі достары: Орақ Баубек, Фазыл Жүсіповпен бірге өнерлі еңбек ардагерлерінің басын құрап, ұйымдастырып өмірге әкелген «Атамұра» ансамблінің керегесін нықтап, уығын берік шаншып, шаңырағын биіктетіп, өнерлі ұжымның шығармашылық өрісін кеңейту жолында қарттығына қарамастан қайрат көрсетіп жүр.

-...Ау, Нұреке, Алматыны қайтпексің? деймін әзілдеп.

-Інім-ау, шынымды айтсам туған жерімді, осындағы ағайындарды, дос-жарандарды қимай жүрмін. Амандық болса Алматы қайда қашар дейсің. Әзір осындамын..., деді сазгер аға.

Айтпақшы «Атамұра» ансамблінің репертуарынан да Нұрмаш Алғашбаев әндері орын алған.

Раушанбек СЕЙТЕНОВ

ХАЛЫҚТЫҢ АЛҒЫСЫНА БӨЛЕНГЕН



Ежелден халқымыз дәрігер мамандығын адам өмірін ұзартуға ықпал ететін, адам жанын арашалаушы деп қастерлеп, құрметтеген. Сол дәрігерліктің бір саласы фармацевтика. Фармацевт жауапкершілікпен шыдамдылықты, нақтылық пен жақсы есте сақтауды, ақпаратпен жұмыс істеуге бейімділікті талап ететін мамандық. Бұл салада да адам денсаулығы маңызды рөл атқарады. Бүгінгі мақалада сондай ақ халатты абзал жанның бірі - Махамбетова Шара Зейнуллақызы туралы әңгімелекпіз.

Махамбетова Шара Зейнуллақызы 1961 жылы 15 желтоқсанда Қызылорда облысы, Қазалы ауданында дүниеге кел-

ген. Жастайынан еңбекке жақын болып өскен. 1968 жылы №87 орта мектептің табалдырығын аттайды. Кейін Ж.Жабаев атындағы №234 орта мектепке ауысып, 1978 жылы бітіріп шығады. Мектеп бітірген жылы бойжеткен қыз Қызылорда қаласындағы медициналық училищенің фармацевтика бөліміне оқуға түседі. Оқуда алғырлығымен, білімділігімен көзге түседі. Мамандыққа қызығушылығы мен құштарлығы басым Шара оқуды бітірген соң Қызылорда қаласындағы дәріханалардың бірінде тәжірибе алмасып, жұмыс атқарады. Содан соң туған жері Қазалыға оралып, фармацевт болып жұмысын жалғастырады. Кейін өзінің сыныптасы Әбубәкіров Шат

Мұсаұлына тұрмысқа шығады. Аяулы ана, білікті маман қазіргі таңда жолдасы екеуі 2 ұл, 1 қыз тәрбиелеп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырып отырған жандар. Ал жолдасы Әбубәкіров Шат теміржол саласында көп жылдар бойы қызмет атқарып, бейнеттің зейнетін көріп отырған азамат.

Шара Зейнуллақызы халықтың алғысына бөленген, елдің ба-тасын алған ақ халатты абзал жан. Ол 2020 жылдан бастап жеке «Раян» атты дәріханасын ашты. Ем қабылдап, ауруына шипа тапқан жандар Шара Зейнуллақызына өз алғыстарын білдіреді. Балтыры сыздап, буыны қақсаған әрбір науқасқа қол ұшын созуға дайын Шара апай кәсібі мен мамандығын тең алып келеді.

Айта кетейік, Шара Зейнуллақызының ізін қазіргі таңда келіні Әсия жалғап келеді. Әсияның айтуынша «анасынан үлгі алып, үйренерім көп», - дейді. Ардақта ана, аяулы жар кәсібінен береке тапқан Махамбетова Шара Зейнуллақызының деніне саулық, отбасына амандық, кәсібіне табыс тілейміз!

**Ұлпан ІБРАШ,
«Тұран-Қазалы»**

САПАЛЫ ТАҒАМ ТҰТЫНЫҢЫЗ

Халықты сапалы азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету - қазіргі таңдағы басты өзекті мәселе. Аурудың алдын-алу және халық денсаулығын нығайту отандық денсаулық сақтау саласының басты жұмыстарының бірі және бұл бағыттағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырудағы негізгі шара-халықтың қауіпсіз тағаммен тамақтануы. Дұрыс тамақтанбау және тағам сапасының төмен болуы көптеген ішек ауруларының туындауына, соның ішінде бала тууының төмендеуіне, адамның өмір жасының қысқаруына, өлім-жітімнің көбеюіне әкеліп соғады.

Азық-түлік шикізаты және өңделген өнімдердің сапасы мен қауіпсіздігін шешу басты мәселе. Өнімнің сыртқы түрі, органолептикалық көрсеткіштері, қаптамасы, сапасы туралы тұтынушыға арналған ақпаратқа және өнімнің қолданылу бағытына үлкен мән беріледі.

Азық-түлік шикізаты мен тағам өнімдерінің сапасын және қауіпсіздігін бақылауды қамтамасыз ету жұмыстары өндірістік, мекемелік, мемлекеттік және қоғамдық деңгейлерде жүзеге асырылады. Сапа-

ны бақылауды қамтамасыз етудің маңызды құралына өнімді таңбалау жатады, бұл тұрғыда оны Еуропа және халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес өзгерту қажеттілігін атап кеткен жөн. Қарастырылып отырған проблеманы шешуде, басыңқы (приоритетті) лаптағыштармен олардың түсу деңгейін анықтау мақсатында, азық-түлік шикізаты мен тағам өнімдерінің химиялық және биологиялық текті ксенобиотиктермен ластануына байланысты тұрақты тексеріс жүргізу қызметі үлкен мәнге ие болып отыр. Салауатты тамақтану саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаты - халық денсаулығын сақтау және нығайту, балалармен ересектердің дұрыс тамақтанбауынан туындайтын аурулардың алдын алу. Әрбір адамның азық-түлік заттарын дұрыс пайдалануы денсаулықты нығайтуға көмектеседі. Дұрыс тамақтану денсаулықтың және ұзақ өмір сүрудің басты факторы болып табылады.

Дұрыс тамақтанудың негізгі шарттары:

1. Тағамның құрамында негізгі қоректік заттар (белок, көмірсу, май) болуы тиіс.

2. Тамақ рационалында

(дәрумендер, тағамдық талшықтар) болуы тиіс.

3. Тамақ нәрлілігінің адамның жасына, мамандығына, денсаулық күйіне, табиғи-климаттық жағдайларына сәйкестігі.

4. Тәулік бойы тамақтану тәртібін, мөлшерін сақтау.

5. Тағамдар санитарлық-гигиена талаптарына сәйкес болуы керек.

Сан алуан азық-түліктердің ішінен өзімізге пайдалы, дәрумендерге бай, құрамында жасанды бояғыштар мен канцерогенді заттары жоқ тағамды таңдау үшін тұтынушы таңдау жағынан сауатты болғаны дұрыс. Қандай да тағамды сатып алмас бұрын, сыртқы қорабына, сақталуына назар аударып, құрамдағы компоненттерімен танысып алу қажет. Кеден Одағының техникалық регламентінің 022/2011 «Азық-түліктердің таңбалануы туралы» бөлігіне сәйкес, сатушы Сізге тауар туралы толық, әрі нақты ақпаратты беруге міндетті.

Сапалы азық - денсаулық кепілі екенін ұмытпайық!

**Жансая ЗИНЕЛАБДИН,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының жетекші маман**

ЖЕМҚОРЛЫҚ ИНДЕТ, ЖОЮ МІНДЕТ

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысы мен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Сыбайлас жемқорлық» деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде, «corruptio» деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ «corrupture» түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу» деген түсінік беріп, құқыққа қарсы іс - әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қортындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қортынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамауы, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі.

Біздің елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жалпы мемлекеттік мәртебе берілгендіктен, сыбайлас жемқорлық көріністерінің жолын кесу және шектеу бойынша қоғамдық және саяси күштермен бірлесіп үлкен жұмыс атқарылуда.

Сыбайлас жемқорлықпен күресудің маңызды әдістерінің бірі-моральдық тарап үлкен рөл атқаратын заңды сақтау. Жалпы айтқанда, егер сіз әлемді өзгерткіңіз келсе, өзіңізді өзгертіңіз. Бұдан шығатыны, егер әрбір азамат әрқашан өзінен бастаса, мысалы, өз міндеттерін адал және әділ орындаса, онда сыбайлас жемқорлық азаяды.

Осылайша, сыбайлас жемқорлықты жою үшін бүкіл қоғам күресуге тиіс. Сонда ғана біздің еліміз сыбайлас жемқорлық жоқ әлемдегі мемлекеттердің біріне айналады.

**М.ҚАЙРУЛЛАЕВ,
«Арықбалық» ауылдық округінің әкімі**

**СЫБАЙЛАС
ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС –
ОРТАҚ ПАРЫЗ**

Жемқорлық - мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу қоғамның көмегінсіз мүмкін емес. Сол себептен мемлекет пен қоғамның тығыз серіктестігі ғана сыбайлас жемқорлыққа табысты қарсы тұруға мүмкіндік береді.

Ол үшін халықтың құқықтық мәдениетін арттырып, еліміздің болашағы үшін жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты жеткізе біліп, олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынып жете түсінуіне көмектесуіміз керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда ғана адам адамгершілік жат - қылықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді.

Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу, өз ортасын құрметтейтін әрбір азаматтың басты парызы деп білу міндетіміз.

Сыбайлас жемқорлықтың келешегі жоқ екеніне әр азамат сенімді болып, мемлекет пен қоғам күш-жігерін біріктіргенде ғана осы құбылысқа қарсы күресе аламыз.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – ортақ парыз.

**Өміртай ӨТЕП-ӘЛІ,
«Бірлік» ауылдық округінің әкімі**

ҰЙҚЫНЫҢ БҰЗЫЛУЫ

Соңғы онжылдықта ұйқының бұзылуы медицина мен психологияда ең көп талқыланған мәселелердің біріне айналды. Өмірдің өзгермелі ырғағы, күйзелістер және сыртқы тітіркендіргіш факторлар ұйқымыздың қысқаруына, сапасының төмендеуіне әкеп соқтырады. Ұйқыбұзылысының салдары жеке деңгейде ғана емес, бүкіл қоғам деңгейінде байқалады.

Мен жұмыс істейтін Қазалы теміржол ауруханасының неврология бөлімінде ұйқысыздыққа шалдыққан пациенттер өте жиі кездеседі. Бірақ көп жағдайда ұйқысыздықты тудыратын диагноздарды бірде бір аппарат (КТ, МРТ, ЭЭГ, УДЗ) анықтай алмайтын жағдайлар кездеседі. (Мысалы «Невротикалық бұзылыс» диагнозында). Бұл кезде ең маңыздысы дәрігер невролог пациентті қарап, егжей-тегжейлі тексеріп, мидағы органикалық бұзылыстарды жоққа шығарып, уақытында нақты диагноз қоюы керек.

Ұйқы бұзылысының негізгі себептері:

•Созылмалы күйзеліс. Бұл ағзамызды тұрақты күйзеліске әкеледі.

•Электрондық құрылғыларды пайдалану. Смартфондар мен компьютер экрандарынан түсетін көк жарық ұйқыны реттейтін гормон – мелатонин өндірісін бұзады.

•Дұрыс тамақтанбау және өмір салты. Кофеинді шамадан тыс тұтыну, және аз қозғалыстағы өмір салты дененің босаңсуы мен қалпына келу қабілетін нашарлатады.

•Циркадтық ырғақтардың бұзылуы. Түнгі ауысымда жұмыс істеу немесе әртүрлі уақыт белдеулері бойынша

жиі ұшақта ұшу дененің табиғи ырғағын бұзады.

Медициналық зерттеулер ұйқының бұзылуы физикалық және психикалық денсаулыққа теріс әсер ететінін көрсетті. Ұйқы бұзылысының негізгі зардаптары:

•Жүрек-тамыр ауруларының қаупі.

•Есте сақтау және когнитивті функциялардың нашарлауы.

•Депрессия мен мазасыздықтың дамуы.

•Иммундық жүйенің әлсіреуі.

•Семіздік пен қант диабеті қаупінің жоғарылауы.

Қалай күресуге болады?

Қазіргі таңда ұйқыны реттейтін дәрілік заттардың бірнеше топтары бар, ол әр пациентке жеке дара тағайындалады. Себебі дәріні тағайындамас бұрын міндетті түрде ескеретін жайттар бар: дәрінің жағымсыз әсері, пациенттегі қосымша аурулар, ЭКГ көрінісі, пациенттің қосымша қабылдап жүрген дәрілік заттары қатаң ескеріледі. Кей жағдайда пациенттің басқа диагнозы бойынша қабылдап жүрген дәрілік затын тоқтату арқылы да ұйқыны реттеуге болады (Мысалы: қан қысымы кезде қолданатын В блокатор тобының препараттары нашар ұйқының бір себебі бола алады, тағы басқа). Өкінішке орай көп жағдайда халық арасында ұйқысыздыққа тап болса, қасындағы таныс адамы қандай дәрі қабылдаған болса, сол дәріні дәрігердің кеңесін алмастан қабылдап, ұйқы бұзылысын әрі қарай ушықтырады. Дәрігер ұсынған қарапайым ұйқы гигиенасын сақтаудың өзі, ұйқыны дәрісіз реттеуге көмектеседі.

Ұйқының бұзылысын реттеу

үшін бірнеше қарапайым, әрі тиімді ұсыныстарды орындау маңызды:

1.Тұрақты ұйқы кестесін құрыңыз. Бір уақытта ұйықтап, оянуға тырысыңыз.

2.Ұйықтар алдында гаджеттерді пайдаланбаңыз. Бір сағат бұрын электронды құрылғыларды пайдалануды тоқтатуға тырысыңыз.

3. Ұйықтауға ыңғайлы жағдай жасаңыз. Қараңғы, тыныш және салқын жатын бөлме жақсы демалуға ықпал етеді.

4.Дене шынықтырумен айналысу. Тұрақты дене жаттығулары күйзелісті азайтуға және ұйқының сапасын жақсартуға көмектеседі.

Ұйқының бұзылуы - бұл дәрігердің де, адамның өзінің де назар аударуын қажет етеді. Күнделікті өмірде мықты денсаулық пен жақсы нәтижелерге жету үшін тұрақты демалыс қажет. Уақытылы ұйықтау арқылы ертеңгі күнге энергия дайындап қоямыз. Ал бұл энергияны бізге беруге көмектесетін, ұйқы кезінде бөлінетін мелатонин гормоны. Организмдегі бұл гормонның жақсы бөлінетін уақыты кешкі 22.00-таңғы 04.00 аралығы. Осы уақыт аралығында ұйықтап кетуге тырысыңыз. Түнде 01.00-02.00 ден өте кеш ұйықтау әсерінен мелатонин гормоны дұрыс бөлінбей, күндіз бас ауырып, ұйқы қанбай, шаршағыштық басым болып, көңіл күйдің нашарлауына әкеп соқтырады. Осылайша бұл гормон бізді емдеу, қалыпқа келтіру, энергия жинақтау процестеріне қатысады.

Жақсы жатып, жайлы ояныңыздар!

**Нұрдәулет БАЛДАҚОВ,
Қазалы теміржол ауруханасының невролог дәрігері**

Қазалы ауданы бойынша 2024-2025 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту туралы

«Жайылымдар туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы Заңының 8-бабының 1-тармақшасына сәйкес Қазалы аудандық мәслихаты

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің 1,2,3, 4, 5, 6, 7,8, 9,10,11,12,13,14,15,16,17,18,19,20,21,22 қосымшаларына сәйкес Қазалы ауданы бойынша 2024-2025 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және пайдалану жөніндегі жоспары бекітілсін.

2. Осы шешім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазалы аудандық мәслихатының төрағасы

Ғ. Әліш

Об утверждении плана по управлению пастбищами и их использованию по Казалинскому району на 2024-2025 годы

В соответствии с подпунктом 1 статьи 8 Закона Республики Казахстан от 20 февраля 2017 года «О пастбищах» Казалинский районный маслихат

РЕШИЛ:

1. Утвердить план по управлению пастбищами и их использованию по Казалинскому району на 2024-2025 годы согласно приложению к настоящему решению согласно приложениям 1,2,3, 4,5,6,7,8,9,10,11,12,13,14, 15,16,17,18,19,20,21,22 решения.

2. Настоящее решение вводится в действие со дня подписания.

Председатель Казалинского районного маслихата

Г. Алиш

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ**

**БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ**

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы. Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11107 дана.